

Олимпиадалық тапсырмалар.

5 сынып.

Оқылым.

(Өзге ұлт өкілдеріне)

1. Мәтінді оқып астындағы тест тапсырмаларын орынданыз. (5 ұпай)

Арыстан мен түлкі (Ертегі)

Арыстан қартайып, аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды амал-айламен аулағысы келді, өзі үңгірде жатты да:

-Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты. Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келе бастады. Арыстан олардың біреуін де қайтармады. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні арыстанның халін білуге түлкі келді. Ол үңгірде алысырақ тұрды да:

-Халің қалай? – деп көңілін сұрады.

-Халім нашар, неге жақынырақ келмейсің? – деді арыстан. Түлкі:

-Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ, - деп жүгіріп кетіпті.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

1. Мәтінде қандай антонимдер бар ?

- А) арыстан, түлкі В) алысырақ, жақынырақ С) амал-айламен
Д) бастады, таратты Е) жүгіріп, кетіпті

2. Мәтінде түлкі қандай?

- А) ақылды В) мақтаншақ С) әдемі Д) сабырлы Е) төзімді

3. Мәтінде кім қартайды?

- А) түлкі В) аңдар С) арыстан Д) қасқыр Е) кірпі

4. Мәтіндегі «жануарлар» сөзінің синонимі.

- А) үңгір В) хабар С) құстар Д) аңдар Е) арыстан

5. Арыстан барлық аңдарға қандай хабар таратты?

- А) - Халің қалай?
В) - Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да,
шыққан із жоқ.
С) -Халім нашар!
Д) -Неге жақынырақ келмейсің?
Е) – Аурумын, жүруге әлім жоқ...

2- тапсырма.

1. Тәуелді септеуде тұрған сөзді табыңыз.

А) отбасың В) әкем С) көршімен Д) оқушылар Е) мейірім

2. Бітеу буынды сөздерді анықтаңыз.

А) достар, дәстүр В) әпке, арман С) әдепті, қонақ Д) қуаныш, төр Е) құпия, жағдай

3. Көптік жалғаулы зат есімді табыңыз.

А) дастарқан В) төр С) інілер Д) бала Е) адам

4. Сынып жабдықтарын белгілеңіз.

А) әке, шеше, ата, әже В) табиғат, орман, өзен, С) гүл, өсімдік, шырша Д) тақта, карта, парта Е) қол, бас, аяқ

5. «Әдемі» сөзінің синонимін анықтаңыз.

А) жаман В) үлкен С) кеш Д) сұлу Е) биік

6. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

А) т, с, в В) п, р, м С) п, с, т, ш Д) р, м, н Е) ә, у, е

7. Зат есімді көрсетіңіз.

А) көмектесу В) мектеп С) қалың Д) нешінші Е) қарсы алу

8. Жіңішке дауысты дыбысты көрсетіңіз.

А) ұ В) ү С) ы Д) қ Е) а

9. «Менің атым- Қожа» повесінің авторы кім?

А) М.Жұмабаев В) М.Әуезов С) Ш.Уәлиханов Д) А. Құнанбаұлы Е) Б.Соқпақбаев

10. «Қазақстанның Қызыл кітабы» алғаш рет қай жылы шықты?

А) 1948 В) 1978 С) 1938 Д) 1988 Е) 1958

11. Қазақ тіліне ғана тән неше дыбыс бар?

А) 5 В) 7 С) 42 Д) 37 Е) 9

12. Бердібек Соқпақбаев кім?

А) жазушы В) әнші С) ақын Д) ойшыл Е) философ

13. – м, -ң, -ым, -ім ненің жалғаулары?

А) көптік жалғауы В) тәуелдік жалғауы С) жіктік жалғауы Д) септік жалғауы Е) жұрнақ

14. «Қызғалдақ» сөзінің аудармасын табыңыз.

А) подснежник В) роза С) тюльпан Д) ромашка Е) астра

15. Жалқы есімді анықтаңыз.

А) оқушы В) кітап С) қызғалдақ Д) ана Е) Қожа

Айтылым.

3-тапсырма. 1 өлеңді жатқа оқу. (5 ұпай)

Өлеңді мәнерлеп жатқа оқуда мына талаптарға ұстаным жасау керек:

1. Логикалық екпінді дұрыс қою – 1 ұпай.
2. Пауза қоя білу – 1 ұпай.
3. Дұрыс жылдам оқуды сақтау – 1 ұпай.
4. Интонацияға көңіл бөлу – 1 ұпай.
5. Қатесіз оқу – 1 ұпай.

Жазылым.

4-тапсырма. (5 ұпай)

Бір тақырыпты тандап эссе жаз.

1. Отбасымдағы салт-дәстүрлер.
2. Менің сүйікті сыйлығым.
3. Достықтағы адалдық.
4. Сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер (қызыл кітап)

5-тапсырма. (5 ұпай)

«Бердібек Соқпақбаев кім?» - деген сұраққа өз жауабыңызды айтыңыз.

Олимпиадалық тапсырмалар

5-сынып.

(қазақ оқушыларына арналған)

Тыңдалым.

Жаман жолдас.

Екі дос ағаштың арасымен келе жатып бір аюға кездесті. Олардың біреуі әлсіз, ауру екен. Аюды көрген кезде сауы ауру жолдасын тастап, жүгіріп барып, бір ағаштың басына шығып кетеді. Ауру, әлсіз досының ағашқа шығуға дәрмені болмайды. Ол жерге етпетінен түсіп, өлген кісідей, дем алмастан жата қалады. Өйткені аю өлген кісіге тимейді екен. Аю жатқан адамның қасына келіп, иіскелеп, дыбысы білінбеген соң, жөніне кетеді. Аю кеткен соң, ағаштың басындағы жолдасы жерге түсіп, ауру досынан:

- Аю сенің құлағыңа не деп сыбырлап кетті? - депті.

- Басыңа қиыншылық түскенде, сені жалғыз тастап кеткен жолдасың жаман екен деді, - деп досы жауап беріпті.

Тыңдалымға арналған тест сұрақтары

1. Достар ағаштың арасымен келе жатып кімге кездесті?

А) балаға В) аюға С) итке Д) жануарға

2. Оның досы қандай еді?

А) сау В) ауру С) әлді Д) мықты

3. Әлсіз досы аюды көрген соң не істеді?

А) жата қалды В) қашты С) өлген кісідей болып, жата қалды Д) етпетінен түсіп жата қалды

4. Аю жатқан балаға не істейді?

А) құлағынан тартады В) иіскеп, өз жөнімен кетеді С) тиіспейді Д) соңынан қуады

5. Досы неліктен аюдың сөзінен сондай жауап қайтарды?

А) өкініші болғандықтан В) реніштен С) ыза болғаннан Д) қуанғаннан

Олимпиадалық тапсырмалар

5- сынып.

(Өзге ұлт өкілдеріне)

Тыңдалым

1-тапсырма.

Әлімхан мен әкесі, атасы ауыл аралап келеді.

Тұс-тұста үй іргесіне бау-бақша егілген. Жаз мезгілі. Таңертеңгі жайлы ауа.

Әркім топырақты баптап, қауын, қарбызын, жүгерісін аралап жүр.

Диханшылық кәсіпке үйреніп қалған.

Бұдан бұрын осы жерлер бос жататын.

Бау-бақша егілмейтін. Егілсе де, баладай мәпелеп қарамайтын деді атасы.

- Есімде, - дейді Әлімханның әкесі.

- Нанның оңайға түспейтінін, еңбекпен, термен дастарқанға келетінін бүгінгі

нарық заманы талап етуде, - дейді атасы.

- Қиын, бірақ еңбек етсең жағдайың оңалатынына көбіміздің көзіміз жетті, - дейді.

Тыңдалымға арналған тест сұрақтары. (5 ұпай)

1. Әлімхан мен әкесі не аралап келеді?

А) қала В) ауыл С) дала Д) көше

2. Қандай мезгіл еді?

А) күз В) қыс С) жаз Д) көктем

3. Адамдар не істеп жүр?

А) еңбек етуде В) қауын, қарбыздарды баптап жүр С) ойнап жүр Д) егісте жүр

4. Атасы не деп айтты?

А) нан оңайға түспейді В) жалқау болмау керек С) далада көп жүрмеу керек
Д) үлкендерді сыйлау керек

5. Мәтін не туралы?

А) достық В) еңбек С) сыйластық Д) туыстық

Олимпиадалық тапсырмалар

5- сынып.

(қазақ оқушыларына)

Оқылым.

1. Мәтінді оқып астындағы тест тапсырмаларын орынданыз. (5 ұпай)

Қожанасыр.

Бір бай той жасапты. Тойға көп адам келіпті. Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожаны ешкім елемепті, бұған төрге шық, тамақ же демепті. Қожа ақырындап далаға шығыпты. Үйіне барып, жақсы киімдерін киіп, қайта келіпті. Бұл жолы үй иесі Қожаға төрден орын беріпті. Ет келгенде: - Қожаке, алыңыз, алыңыз! - деп қадірлепті. Қожа етті жемеді, табакқа шапанының жеңін малып: - Же, шапаным, же, - деп отыра беріпті. Үй иесі өкпелеп: - Сіз не қылғаныңыз, шапан ет жей ме? - дейді. Сонда Қожа: - Сен мені сыйламайсың, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан жеңіме жегізіп отырғаным ғой, - деп жауап беріпті.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары. (5 ұпай)

1. Бай не жасапты?

А) той В) ойын өткізіпті С) шара Д) қонақ шақырыпты

2. Неге Қожаны ешкім елемепті?

А) нашар тұрады В) жаман жолдас С) киімі жаман Д) алыста тұрады

3. Үй иесі несіне өкпеледі?

А) қонақтар көп тамақ жеп қойды.... В) Қожанын қылығына С) ауа-райынын суығына
Д) тамағы аз болғанына

4. Қожаның істегені дұрыс па? Ойынды жаз, дәлелде.

5. Мәтін адамды неге үйретеді?

А) сыйластыққа В) адамгершілікке С) адалдыққа Д) махаббатқа

Лексикалық-грамматикалық тест. (15 ұпай)

(қазақ оқушыларына)

1. Кімде? Неде? қай септіктің сұрағы?

А) табыс Б) ілік С) жатыс Д) көмектес Е) шығыс

2. Шығыс септіктің жалғауын тап.

А) –ны, –ні Б) –ға, –ге С) –нан, –нен, –дан, –ден Д) –нда, –нде Е) –мен, –пен

3. Бітеу буынды көрсет.

А) аға Б) баға С) бұлт Д) пияз Е) құлақ

4. Жатыс септіктің жалғауы бар зат есімді тап.

А) шешемнің Б) керуеттен С) дәптеріңде Д) інілерге Е) досымды

5. Тәуелдік жалғауы бар сөзді тап.

А) білім Б) добым С) сұрады Д) қарадың Е) оқушы

6. Кімнің? деген сұраққа жауап беретін зат есімді көрсет.

А) ешкінің Б) қойдың С) мұғалімнің Д) гүлдің Е) иттің

7. Тәуелдік жалғаулы сөзді тап.

А) бардымБ) барам С) балам.Д) барсам Е) бармаймын

8. Барыс септікте тұрған сөзді белгіле.

А) Айманға.Б) Айманды С) Айманмен Д) Айманда Е) Айманның

9. Неден? деген сұраққа жауап беретін сөзді тап.

А) отбасыда Б) отбасының С) отбасыны Д) отбасыдан Е) отбасымен

10. Толықтыр: кітабыңыз өте қызық екен.

А) сенің Б) сіз С) біздің Д) сіздің Е) оның

11. Кіммен? Немен? – қай септіктің сұрағы?

А) шығыс Б) батыс С) көмектес Д) жатыс Е) ілік

12. Жуан буынды сөздерді көрсет.

А) мектеп, білім Б) дәптер, күнделік С) қоңырау, сұрақ Д) кеш, өлең Е) терезе, гүл

13. Оқушы сөзіне жалғанатын жалғауды анықта.

А) –нің Б) –тың С) –дың Д) –ның Е) –тің

14. Ілік септіктің жалғауы бар сөзді көрсет.

А) оқушыны, баланы Б) оқушының, баланың С) оқушыға, балаға Д) оқушыда, балада
Е) оқушыдан, баладан

15. Барыс септіктің жалғауы бар сөздер.

А) қаламға, дәптерге Б) мұғалімде, үстелде С) борды, терезені Д) өшіргішпен,
сөздікпен Е) қарындашпен, кітаппен

3-тмәпсырма. Кез келген өлеңді жатқа оқу. (5-ұпай)

Өлеңді нерлеп оқуды бағалау критерийлері:

Өлеңді мәнерлеп жатқа оқуда мына талаптарға ұстаным жасау керек

1. Логикалық екпінді дұрыс қою – 1 ұпай.
2. Пауза қоя білу – 1 ұпай.
3. Дұрыс жылдам оқуды сақтау – 1 ұпай.
4. Интонацияға көңіл бөлу – 1 ұпай.
5. Қатесіз оқу 1 – ұпай

4-тапсырма. Тақырыпты таңдап эссе жазыңыз. (5 ұпай)

1. Отан - отбасынан басталады.
2. Сүйікті жануарым.
3. Менің болашақ пәтерім.
4. Компьютер – денсаулыққа зиян.

5-тапсырма. (5 ұпай)

«Қазақ халықтың салт-дәстүрі жайлы не білесің?» - деген тақырыпқа ауызша өз ойыңды айтыңыз.

